

Дәріс №7. Adobe Photoshop бағдарламасы арқылы ескі суреттермен жұмыс істеу.

Дәріс жоспары:

1. Сурет түсін жаңалау.
2. Контурларды редактрлеу.

Дәріс мазмұны:

Ескі суреттер... Бұл ондаған жылдар бұрын өмір сүрген адамдардың тарихы. Бұл ескі альбомдарда сақталған, қолдан қолға өткен, ескірген, сарғайған суреттер. Осындай ескі мұралардың көп бөлігі мұражайларда, мұрағаттарда, жеке коллекцияларда, альбомдарда сақталған. Суреттердің барлығы уақыт өте келе өзгеріске ұшырайды. Осы суреттерді қалпына келтіруге Adobe Photoshop бағдарламасы көмектеседі. Осы бағдарлама арқылы біз ескі суреттегі міндерді тазалай аламыз, суреттерді түстендіре аламыз. Енді суретпен жұмыс істеу тәсілін талқылайық. Егер ескі суреттерді алатын болсақ ескі суреттердің көбі арнайы мамандармен сурет студияларында жасалған. Бұл суреттерде сурет ашықтылығы жақсы қойылған. Осындай суреттерге түс беру өте оңай. Сурет түссіз болғандықтан (сканерден өткізген кезде ол **RGB форматта** сақталады), біріншіден оны **RGB форматынан Grayscale** моделіне ауыстыру керек. Бұл суреттің көлемін азайтады және Adobe Photoshop бағдарламасында жұмыс істеуді оңайлатады. Одан кейін техникалық ақаулармен жұмыс істеу керек, оның ішінде түсін белгілеу, реңін келтіру.

Сурет түсін жаңалау.

1. Өзгерту керек суретті ашыңыз. Оның кеңейтіліміне мән беріңіз.
2. Ctrl+O пернесін басып, суретті орналастырыңыз. Одан кейін суретті RGB моделінен Grayscale (Сұр градияциясы) моделіне ауыстыру керек.

Ол үшін:

- Image Менюінен Mode> Grayscale (режим-сұр градияциясы)
- Суретті Lab color моделіне ауыстырғаннан кейін L (жарықтық) каналын айрықшалау.

Компьютерлік графика мамандары көбіне екінші амалды қолданған дұрыс дейді.

3. Image> Mode> Grayscale (Сурет-режим-сұр градияциясы) “Discard color information” (түс туралы ақпаратты алып тастау) терезесі шығады, ОК басыңыз. Суретті сұр градияциясы моделіне ауыстырамыз. Осы кезде сурет көлемі бірнеше есеге кішірейеді.

4. File>save as (Файл-сақтау) мәзірін басу арқылы суретті PSD форматында сақтаңыз. Осы кезде сурет түсі бастапқыдан қараңғылау болады. Бұл суреттің реңін келтіру үшін керек. Суретті сканер арқылы өткізгендегі жылтыр түс кетеді.

5. PSD форматтағы суретті қайтып ашыңыз. Керек болса Window>Channels (терезеканалдар) мәзірін басыңыз. Бұл мәзір арқылы сіз екі суретті салыстыра аласыз.

6. Image> Mode> Lab color (Сурет-режим- Lab color) мәзірі арқылы суретті толық түсті Lab моделіне ауыстырамыз. Осы кезде палитрадағы түстер каналының өзгерісіне мән беріңіз. Каналдардың ішінен ең түсі анық каналды таңдаңыз. Енді оны белгілеу керек.

7. Белгіленген а каналын тышқан арқылы Channels (Каналдар) терезесіне ауыстырыңыз. Сурет Multichannel (Көпканалды) режиміне ауысады.

8. File>save as (Файл-сақтау) мәзірі арқылы суретті қайта сақтаңыз.

9. Енді екі суретті салыстырыңыз. Суретке рең кіргенін көруге болады. Енді алдыңғы суретті жауып, жаңа суретті ашыңыз.

10. Image> Mode> Grayscale (Сурет-режим-сұр градияциясы) мәзірі арқылы операция орындаңыз. Осындай операциялар арқылы суретті RGB моделіне Grayscale моделіне ауыстырды.

Міне Adobe Photoshop бағдарламасы арқылы ескі суреттерге жаңа сурет беруге болады. Бұл бағдарлама сонымен қоса суреттің ақауларын жоюға, кемшіліктерін толтыруға мүмкіндік береді.

Мысалы:

1. **Adobe Photoshop** бағдарламасын іске қосыңыз.
2. oldfoto.tif файлын архивтен шығарып, Adobe Photoshop бағдарламасында ашыңыз.




3. **Изображение ► Режим ► Чёрно-белый** командасын орындап суретті ақ-қара түске өзгертіңіз.

4. **Кисть**  және **Штамп копий**  құралдарының көмегімен суретті жөндеп шығыңыз.

Изображение ► Регулировки ► Яркость/Контрастность командасын орындап, қажет болса суреттің түсін өзгертіп шығыңыз.

Контурларды редактрлеу


Контур (path)- құралдар панелінің Реп (Қауырсын) құралдар тобы арқылы және фигура салу құралдары арқылы салынған векторлық объект. Ол түзу және қисық сызықтармен қосылған нүктелерден тұрады. Контурдың немесе фигураның нобайын өзгерту үшін контурды құрайтын нүктелерді ауыстыруға, өзгертуге, қозғалтуға болады. Қабаттан айрықшау контуры- бұл векторлық маска. Олардың қабат маскасынан айырмашылығы олар шекараны түзу белгілейді.



Реп (қауырсын) құралдар тобы

Пен құралдар тобы арқылы контур салу

- ✓ Pen Tool құралын тандаңыз (P немесе Shift+P пернесі)
- ✓ Paths палитрасында бірде бір контурдың қосылмай тұрғанына көз жеткізіңіз. Paths (Контурлар) мәзірін шертіңіз
- ✓ Реп Options (Опции пера) панелінде туды Rubber Band (Резинді жіп)-ке қойыңыз
- ✓ Суреттің кез келген кезінде тышқанмен шертіңіз. Осы кезде контурдың негізін құрайтын нүкте пайда болады. Суреттің бірнеше жеріне нүкте қойып шығыңыз.
- ✓ Контур салған кезде тік бұрыш салу үшін Shift пернесін Басып тұрып тышқанның орнын керек жерге ауыстырамыз.
- ✓ Контурды салуды аяқтау үшін бірінші салынған негізгі нүктені соңғы нүктемен қосамыз. Осындай операцияларды орындау арқылы біз контур ала аламыз.



Сурет 7. Дайын контур

Негізгі әдебиет: [4, 9]

Қосымша әдебиет: [6]